# Мәдениет саласының майталмандары марапатталды

21 мамыр күні аудандық мәдениет үйінде Нұра ауданы әкімінің орынбасары Р.Құтжанова ауданның өнер және мәдениет саласының қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтады.




Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында руханиятымыз экономикалық, материалдық маңыздылықтан кем түспейтін кезеңге аяқ басқанымызды айтты. Осыған орай, Ұлт көшбасшысы: «Біз ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, оның жан-жақтылығы мен ұлылығын сақтай отырып қорғауымыз, мәдени дәстүрімізді шағын түйірлерден жинауымыз кажет», - деп атап өтті.

Салтанатты шараға аудандық соттың төрағасы Ж.Шөженов, ауданның мәдени ошақтарының қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

- Бұл мереке - кітапханашылар мен мұражайлардың қызметкерлері, театрлар мен концерттік ұйымдардың әртістері, мәдениет үйлері және ауыл клубтарының қызметкерлері, шығармашылық мамандық өкілдерінің тойлары. Олар өздерінің гуманистік, ағартушылық міндетін абыроймен атқаратын талантты әрі ісіне құштар жандар. Олардың шығармашылық еңбегі, ынта-жігері, Отанымыздың теңдесі жоқ тарихи-мәдени салт-дәстүрі мен рухани-танымдық мұраны дамыту және сақтауға қосқан зор үлесі шынайы құрметке лайық,-деді аудан әкімінің орынбасары Р.Құтжанова.

Қазіргі қызметіне дейін ауданның мәдениет саласын сегіз жыл қатарынан басқарған Р.Қосанқызының еңбегі елге аян. Аудан мәдениетінің қазіргі жеткен жетістігінің басында мұрындық болып осы кісі жүргенін ешкім жоққа шығара коймас.

Сонымен қатар аудан әкімінің орынбасары 2013 жылы ауданның көркемөнерпаздар ұжымдарының аудандық байқауында топ жарған ауданның ең үздік мәдени ошақтарын Нұра ауданы әкімінің грантымен марапаттады. Изенді ауылының мәдениет үйіне 200 мың теңгенің сертификаты, Кертінді ауылының мәдениет үйіне 300 мың теңгенің сертификаты табысталса, Көбетей ауылының мәдениет үйі 500 мың теңгенің сертификатына ие болды. Кітапхана саласы да аудан әкімінің грантымен марапатталды. Майоровка және Шахтер ауылдарының кітапханасына компьютер және кітапхананың толық жиһазының сертификаты табысталса, Ақмешіт ауылының үлгігі кітапханасы, Көбетей ауылының кітапханасы мен аудандық кітапханаға компьютердің сертификаты табысталды. Өнер мекемелері мен кітапхана жүйесінің марапатынан соң, осы саланың ең үздік майталмандары аудан әкімінің грамотасы және алғыс хатымен марапатталды. Аудан әкімінің Алғыс хатымен аудандық кітапханадан Баймағамбетова Бұлданай, Ниязова Гүлсая, «Тәуелсіздік» саябағының директоры Бейспеков Руслан, Шахтер ауылының мәдениет үйі меңгерушісі Ескенова Гүлнәзи, аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері: Тәжібеков Әсет, Шахарбаев Амангелді, Оспанов Ардақ марапатталды.

Салтанатты шараның соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Бұл бағдарламада ауданымыздың әншісі әрі сазгері Амангелді Шахарбаевтың Жұмағұл Шөженовтің сөзіне жазылған "Ақжаным" әні мен Қанат Жариясұлының сөзіне жазылған "Қарағанды" әнінің тұсау кесері өтті. Жиналған қауым жаңа әндерді өте жылы қабылдап, ықыластарын білдірді.




**Тазагүл Пішенбаева**